

4

Ғылым мен өндірісті
ұштастырған

6

Келіні жақсы үйдің
керегесі алтын

30 қараша, сенбі 2024 жыл

Сыр бойы



№184-185 (20858-20859)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваны қабылдады.

Президентке министрліктің мәдениет, ақпарат, азаматтық қоғам, дін, этносаралық қатынас, жастар саясаты, креативті индустрия, отбасы-демографиялық саясат, мұрағат және кітапхана ісі салаларында биылғы атқарған шаралары, сондай-ақ ведомствоның 2025 жылға арналған перспективті жоспарларын жүзеге асыруға дайындығы жөнінде мәлімет берілді.

Аида Балаеваның айтуынша, биыл алғаш рет қазақ өнері әлемге әйгілі арталандарда, атап айтқанда, Венеция биеналесінде, Тіме Азия өнері музейінде таныстырылды. Қазақстанның баспа өнімдері Франкфурт кітап жәрмеңкесінде көрсетілді.

Сегіз тілде Qazaq culture ақпараттық-ағартушылық платформасын іске қосу еліміздің тарихын, мәдениетін және салт-дәстүрін дәріптеу тұрғысынан маңызды жобаға айналды. Бұдан бөлек, Астанада өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының ашылу және жабылу салтанаты айтулы мәдени-бұқаралық іс-шара ретінде бағаланды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа министрліктің заң жобаларын әзірлеу бағытында атқарған жұмысы туралы баяндалды. Атап айтқанда, биыл елімізде журналистердің мәртебесін арттыруды көздейтін жана БАҚ туралы заң қабылданды. «Қазақфильм» киностудиясын тікелей қаржыландыруды қарастыратын заңнамалық өзгерістер Парламент қарауына ұсынылды.

Мемлекет басшысына еріктілер қозғалысын дамыту шаралары жөнінде есеп берілді. Министрдің айтуынша, 2022 жылмен салыстырғанда, белсенді еріктілер саны 240 мың адамға дейін артты. Жыл сайын 50-ден астам волонтерлік жоба жүзеге асырылады, сондай-ақ 7 қазақстандық ерікті БҰҰ құрылымдарына жіберілді.

Аида Балаева креативті индустрияны қолдау шаралары әзірленгенін жеткізді. Олардың қатарында Креативті индустрия қорын құру, орталық және жергілікті атқарушы органдардың құзыретін кеңейту бастамалары бар. Креативті индустрия субъектілеріне арнайы салық режимі енгізілді. Жыл басынан бері елімізде 10 креативті орталық пен хаб ашылды.

Кездесу соңында Президент келесі жылы өтетін Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы, Ұлы Жеңістің 80 жылдығы, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі секілді мерейтойлық әрі маңызды іс-шараларға дайындық барысын жіті бақылауға алуды тапсырды.

/// САРАП

АДАЛ ЕҢБЕКПЕН МАЛ ІЗДЕМЕК – АРЛЫ АДАМНЫҢ ІСІ

Бұрын «шекара асып, жұмыс іздеп кетіпті» дегенді ести бермейтінбіз. Қайта сырттан нәпақа іздеп келетіндерді кездестіретін едік. Қазір жағдай басқаша. Кейінгі кездері жұмыс іздеп өзге елге сабылатындар көп. Тіпті айналамызда жүрген қаншама жанның шетел асқанын көзіміз көрді. Бұл үйреншікті жағдайға айналды.

Олар – 18 бен 35 жас аралығындағылар. Осы орайда Ұлттық банк жүргізген зерттеу нәтижесін келтірейік, қазақстандықтар тапқан табысының 61 пайызын азық-түлікке жұмсайды. Талдау елдегі тұрмыстық жағдайдың төмендігін көрсетті. Ішкі істер министрлігінің статистикалық деректеріне үнілсек, өткен жылы Қазақстанға келгендер саны 2,7 пайыз азайса, есесіне елден кеткендер саны 42,1 пайыз өскен. Елдегі жұмыссыздық деңгейі халықаралық еңбек ұйымының әдістемесі бойынша 4,7 пайыз. Алайда жұмыссыз жүргендер бұдан да көп, себебі статистикаға кірмей қалғандар да бар. Жұмыссыздық елдің экономикалық жағдайына тікелей әсер ететіні белгілі. Бүгінде мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік жағдайын жақсарту ең маңызды мәселе болып тұр. Жалпы, шетел асып жұмыс іздеуге

түрлі себеп бар. Бастысы – жалақының төмендігі, еңбектің бағаланбауы. Бұдан бөлек, бірі несиеден құтылғысы келсе, бірі баспана алуды, баласын оқытуды, кәсібін бастауды көздейді. Бір айлық табыс отбасынан артылмайды. Сондықтан халықтың басым бөлігі несиенің шырмауына шыға алмай келеді. Ал оны өтеу үшін кемі 5 жыл уақыт керек. Сондықтан жақсы өмір сүру үшін шетелге барып жұмыс істеуді жөн санайды.

3-бет



Коллаж К.Оразбаев

/// ҚҰРМЕТ

ЗЕЙНЕТ ДЕМАЛЫСЫНА ШЫҒАРЫП САЛДЫ



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Қызылорда облыстық полиция департаментінің бастығы, генерал-майор Аблазимов Махсудхан Нұғманұлын зейнет демалысына шығарып салу рәсімі өтті. Жиынға зиялы қауым өкілдері, құқық қорғау саласының бірінші басшылары, сала ардагерлері қатысты.

Аймақ басшысы еңбек адамдарын құрметтеу бұрыннан қалыптасқан дәстүр екенін айтып, Махсудхан Аблазимовке құттықтау лебізін жеткізді.

– Махсудхан Нұғманұлы Президентіміздің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын іске асыруда барлық аудандағы, қаладағы ашық форматта өткен қоғамдық қабылдауларға арнайы қатысты, азаматтарды жеке қабылдады. Тұрғындарды толғандырған сауалдарға жауап беріп, олардың шешім табуына септігін тигізді. Қазақстандық стратегиялық зерттеулер институтының әлеуметтік зерттеуінің қорытындысына сүйенсек, облысымыз полицияға сенімнің ең жоғары көрсеткішіне ие болған.

Ол – жұмыс барысында іскер, ұйымдастырушылық қабілеті мен жауапкершілігі жоғары, білімді, білікті, қызметкерлерді мемлекеттік маңызды істерге жұмылдыра білетін басшы. Құқық қорғау, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп атқарған кешенді шаралардың нәтижесінде өңіріміздегі қылмыс деңгейі жыл сайын төмендеп келеді. Бұл ретте Махсудхан Нұғманұлының еңбегі ерен.

Оның тұсында облыс әкімдігінің қолдауымен полиция департаментінің материалдық-техникалық базасы нығайтып, жаңартылды. Заманауи құрылғылармен жабдықталған қызметтік көліктер табысталып, қызметкерлердің жалақысы көтерілді. Пәтер мәселесі шешімін тапты. Қоғамдық тәртіпті, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қала мен барлық ауданда жылдамдық көлшегіш құралдар, бейнебақылау камералары орнатылды. Барша Сыр жұртшылығының атынан денізгізе саулық, отбасыңызға амандық тілейміз, – деді аймақ басшысы.

Басқосуда Аблазимов Махсудхан Нұғманұлына Сыр өңірінің дамуына қосқан ерекше үлесі үшін облыстың ең жоғары марапаты – Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табысталды.

Іс-шарада құқық қорғау саласының ардагерін облыстық сот төрағасы Әділхады Шығамбаев, облыс прокуроры Ризабек Ожаров, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, сала ардагері Тәстемір Рахимов құттықтады.

/// СӨЗ БЕН ІС

САЯЖАЙ ТҮРҒЫНДАРЫНА БЕРІЛГЕН УӘДЕ ОРЫНДАЛДЫ

Жақында қала әкімі Нұржан Ахатов облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, қала іргесіндегі «Ягодка» және «Пищевик» саяжайларының тұрғындарымен кездесіп, олардың талап-тілегін тыңдаған болатын.

Онда басты көшелерге тас төсеу, аялдама мен жарық бағаналарын орнату, тал бұтақтарын кесу және жол белгілерін қою мәселелері көтерілген еді. Қала әкімі бұл түйткілдерге салғырт қарауға болмайтынын айтып, жауапты сала басшыларына тапсырма жүктеген.

2-бет



/// СЕМИНАР

КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ – ҚҰАТТЫ ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗІ

Кеше Қызылорда қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен «Кәсіпкерлікті дамыту – қуатты экономиканың негізі» тақырыбы аясында семинар өтті. Шараның басты мақсаты – кәсіпкерлермен пікірлесу, тәжірибе алмасу, кәсіп бастаймын деген жастарға бағыт-бағдар беру. Оған қаладағы кәсіпкерлер, ерікті жастар қатысты.

Шара көрмеден бастау алды, онда жергілікті кәсіпкерлердің өнімдері қойылды.

Одан соң қала әкімінің орынбасары Пакуатдин Шамұратов семинарды ашып, бәсекеге қабілетті шағын және орта бизнес субъектілерін құру, оның экономикадағы үлесін арттырудың маңыздылығын атап өтті.

– Экономиканың барлық саласында жұмыс жасайтын шағын және орта бизнеске мемлекет тарапынан қолдау шаралары жүзеге асырылуда.

Биыл облыс орталығындағы жеке кәсіпкерліктің 1409 жобасына барлық қаржы көздерінен 30 млрд теңге берілді. Нәтижесінде қала кәсіпкерлерінің саны 33 мыңнан, ондағы жұмыспен қамтылған адамдар саны 65 мыңнан асты. Шағын және орта бизнес шеңберінде 300 млрд теңгеге өнім өндірілді, – деді. Сонымен қатар кәсіпкерлікті қолдау мақсатында жүзеге асып жатқан бағдарламалар игілігі мен қаланың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне де тоқталды.

3-бет

/// БАСПАСӨЗ ТУРЫ

СПОРТ ҒИМАРАТТАРЫНЫҢ САНЫ АРТТЫ

Сыр өңірінде спорт саласы бойынша серпінді істерге жол ашылды. Облыстың барлық ауданында заманауи инфрақұрылымның саны артты. Жаңашыл жобалар жүзеге асты. Бұл ел намысын қорғайтын талантты жастарға мол мүмкіндік туғызып отыр. Облыс бойынша бүгінде 47 спорт кешені, 12 стадион, 13 теннис корты және 9 жүзу бассейні халыққа қызмет көрсетеді. Ол жастар арасында салауатты өмір салтын ұстануға негіз қалап, спортқа қызығушылар санын арттыра түсті. Осындай игілікті істермен жергілікті журналистер қаладағы бірнеше спорт кешенін аралау барысында танысты.

2-бет



БАСПАСӨЗ – 2025

Құрметті оқырман

**2025 ЖЫЛДЫҢ
БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА
«СЫР МЕДИА» ЖШС-НА ҚАРАСТЫ
ГАЗЕТТЕРГЕ ЖАЗЫЛУ
ЖҮРГІЗІЛУДЕ**

**«Сыр бойы» газетіне
6 айға жазылу бағасы:
жекелер үшін – 4000 теңге,
мекемелер үшін – 5000 теңге**



Валюта бағамы \$ 513 kzt

€ 540,05 kzt

₸ 4,69 kzt

Ауа райы

+6° +8°

+4° +6°

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ



Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен облыс әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы күрес комиссиясының отырысы өтті.

Облыстық полиция департаменті бастығының міндетін атқарушы Ермахан Абдраманов террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғанысын қамтамасыз ету туралы баяндады.

Облыстық дін істері басқармасының басшысы Дінмұхамед Ермеков ақпараттық-түсіндіру тобы мүшелерін адресстік жұмыстарға қатыстырудың маңыздылығын айтты. Қазақстандық қоғамның құндылықтарына бейімделуді бағалауда және деструктивті діни ағым өкілдерін дәстүрлі ислам нормаларына қайтаруда атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Сонымен қатар, діни экстремизм және терроризм профилактикасының тиімділігін арттыруда жүзеге асырылған әлеуметтік жобалар туралы Жалағаш ауданының әкімі Ардак Ибраимов және Шиелі ауданының әкімі Айтбай Жандарбеков баяндады.

Облыс әкімі жиында көтерілген мәселелер бойынша жауапты тұлғаларға бірқатар тапсырма берді. Облыстық полиция департаментіне, дін істері басқармасына, Қызылорда қаласы және аудан әкімдеріне осал объектілерді нығайту, экстремизм мен терроризм профилактикасы шараларының тиімділігін арттыру және әлеуметтік жобалардың қаржысын игеруді жүктелді.

/// ТАҒАЙЫНДАУ

ДЕПАРТАМЕНТТІҢ
ЖАҢА БАСШЫСЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бұйрығымен Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы болып тағайындалған Шәріпбеков Бекболат Жүнісәліұлын таныстырды.

Бекболат Жүнісәліұлы 1973 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. Қызылорда агроөнеркәсіп

өндірісі инженерлері институтын «Агроөнеркәсіп салаларын басқару және оның экономикасы» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1990 жылы Жаңақорған ауданындағы «Келінтөбе» күріш совхозында бастаған. 1998-1999 жылдары «Құмиян» кәсіпорны «Ақниет» бөлімшесінің есепшісі болған. 1999-2010 жылдары «Келінтөбе» ауылдық округі әкімі аппаратында, Жаңақорған ауданы және Түркістан қаласы бойынша салық комитеттерінде түрлі лауазымдарда қызмет атқарған. 2010-2018 жылдары Қызылорда облысы бойынша қаржылық бақылау инспекциясы мен тексеру комиссиясының бөлім басшысы-мемлекеттік аудитори, 2018-2020 жылдары Қызылорда қаласы «Қарауылтөбе» ауылдық округінің әкімі болып еңбек еткен. 2020-2022 жылдары Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің бөлім басшысы, 2022-2024 жылдары Жаңақорған ауданы әкімінің орынбасары болып нәтижелі қызмет көрсетті. 2024 жылдың маусым айынан осы кезге дейін Қызылорда облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы қызметін атқарып келді.

Аймақ басшысы жаңадан тағайындалған департамент басшысына тілектестік білдірді.

– Бекболат Жүнісәліұлы – аймақтың әлеуметтік-саяси ахуалымен етене таныс, мемлекеттік қызметтің барлық сатысынан өтіп, мол тәжірибе жинаған әлеуеті жоғары кадр. Жаңа қызметте облыс бойынша зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыруды, мүгедектерді әлеуметтік қорғауды, медициналық-әлеуметтік сараптаманы, азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетуі, арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратын болады.

Бекболат Жүнісәліұлы алған білімі мен жинаған мол тәжірибесін күрделі де жауапты саланың дамуына жұмсайды деп сенеміз, – деді облыс әкімі.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ЖАҢА ЗАҢДА
ҰСЫНЫСТАР ҚОЛДАУ ТАПТЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заңнаманы іске асыруға қатысты арнайы жиын өткізіп, жауапты сала басшыларына, аудан әкімдеріне бірқатар тапсырма берді.

– Парламент Мәжілісінің депутаттарына «сақалды» құрылыстар бойынша мердігерлердің жауапкершілігін арттыру жөнінде айтқан ұсыныстарымыз жаңа заңда қолдау тапты.

Атап айтқанда, шарттық міндеттемелерді кешіктіргені және орындамағаны үшін сот шешімі шықса, сол мердігерлер 2025 жылдан бастап мемлекеттік сатып алуға қатыса алмайды. Сонымен қатар, алдағы жылдан бастап бюджет қаржысы есебінен салынатын құрылыстарға барынша жергілікті тұрғындарды жұмысқа орналас-тыруымыз керек. Бұл ретте, құры-

лысқа қосалқы мердігер тартуға тыйым саламын. Сондай-ақ сапаға баса назар аудару керегін тағы да ескертемін.

Мемлекеттік сатып алу кезінде сыбайлас жемқорлыққа, мүдделер қақтығысына жол бермеу бағытындағы шараларды күшейтіңіздер. Әсіресе, бір көзден сатып алуға тұрақты мониторинг жүргізіңіздер. Конкурстарды ұйымдастыру барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу және болдырмау үшін профилактикалық шаралар қабылданыңдар, – деді аймақ басшысы.

МАЖАРСТАННЫҢ
БАС КОНСУЛЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Мажарстанның бас консулы Саболч Карой Сёкемен кездесті. Кездесуде аймақ басшысы Сыр өңірінің инвестициялық және экономикалық әлеуеті туралы хабардар етіп, өңірде шетелдік инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасалғанын атап өтті.

Жуырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының Мажарстанға сапары кезінде Ауыл шаруашылығы министрлігі мен мажарстандық компания арасында елімізде құрама жем зауыттарын салу туралы келісімге қол жеткізілді. Аймақ басшысы аталған зауыттың біреуін Қызылорда облысына салудың артықшылықтары мен тиімді тұстарын атап өтті.

– Кейінгі уақытта аймақта мал және құс шаруашылығы өркендеп, жемге деген қажеттілік артып келеді. Өткен жылы қуаттылығы 1,5 мың тонна болатын құс

фабрикасы іске қосылды, сүт және сүт өнімдерін өндіретін 7 кәсіпорын жұмыс жасауда. Мұнан бөлек, қуаттылығы 3 мың тонна құс фабрикасы, сүт фермасы және құрғақ түйе сүтін өндіретін зауыт салынуда. Облыста 2 миллионнан астам мал басы тіркелген, көрші Түркістан облысында 10 миллион, Ақтөбе облысында 2 миллиондай бас мал бар. Жалпы алғанда, үш өңірдің нарығын қамтуға және тиімді логистика арқылы шетелге экспорттауға мүмкіндік туады. Өңірімізде жаңа жобаларды орналастыру үшін 6 индустриялық аймақ құрылғанын және дамыған инфрақұрылымы бар 300 гектардан астам жер телімі дайындалғанын атап өткім келеді. Біз жаңа серіктестермен ашық және сенімді қатынас орнатуға әрдайым дайынбыз, – деді облыс әкімі.

Өз кезегінде бас консул аймақ басшысына алғысын білдіріп, тиімді әріптестік орнатуға ынталы екенін айтты.

СПОРТ ҒИМАРАТТАРЫНЫҢ
САНЫ АРТТЫ

Қызылорда қаласының іргесінде орналасқан «Тасбөгет» кентіндегі №5 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінің жаңа ғимаратты былтыр ел игілігіне берілген еді. Нысанда еркін күрес, таэквондо, казак күресі, самбо, каратэ секілді спорт түрлерінен 438 жас өрен тәлім алып жүр.

– Бізді бала кезінен спортқа бауыр басқан жеткіншектердің көбейіп келе жатқаны қуантады. Жаңа ғимаратта барлық жағдай жасалған. Қазіргі заман талабына толықтай сай келеді. Кең және жарық ғимаратта балалар тәжірибелі бапкерлерден тәлім алып, шеберлігін жетілдіреді. Олардың арасында көптеген жарыста топ жарып жүрген жеңімпаз шәкірттеріміз бар. Біз талантты жастарды табуға көңіл бөліп, оларды қолдауға назар аударамыз, – деді балалар-жасөспірімдер мектебі директорының орынбасары Алматы Қаленов.

Сондай-ақ биыл қазан айында облыс басшысының қолдауымен қаланың сол жағалау бөлігінен ашылған «Үстел теннисі орталығына» қазіргін өзінде қызығушылық білдіріп жүргендер аз емес. Кейінгі жылдары өңірде спорттың аталған түріне ерекше қамқорлық көрсетіліп отыр. Орталықта білікті бапкерлер қызмет атқарып, жылдамдық пен шеберлікті қажет ететін үстел теннисін жастар арасында кеңінен насихаттай түсті. Халықаралық стандартқа сай салынған ғимаратта 16 теннис үстелі, 350 жанкүйерге арналған орын бар. Бір мезетте 32

спортшы жаттыға алады. Мұнда 3 бапкер 200-ге жуық жасөспірімнің үстел теннисінің қыр-сырын меңгеруіне қолайлы жағдай жасап отыр. Қазірге дейін Аделя Әлжанова мен Әлем Би Айдарбек түрлі деңгейдегі жарыстарда жеңімпаз және жүлдегерлер қатарынан көрініп үлгерді.

2013 жылдан бері аймақ тұрғындарына қызмет көрсетіп келе жатқан «Муз айдыны» екі қабаттан тұрады. Бірінші қабатында ойын залы, грек-рим күресі, көркем гимнастика, муз алаңы, жаттықтырушы-оқытушылар, қызмет көрсету бөлмелері бар. Екінші қабатта әкімшілік қызметкерлер бөлмелері, би залы орналасқан. Қазіргі таңда мұнда күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Ал «Наман ата» қоғамдық қорына қарасты «Мың бала» спорт кешенінде 12 үйірме бар. Жеткіншектер грек-рим күресі, бокс, дзюдо, казакша күрес, кикбоксинг, баскетбол, волейбол, футбол, самбо секілді спорт түрлерінен тәлім алады. Оларға 26 бапкер қызмет көрсетсе, 19-ның біліктілігі жоғары.

– Жалпы аумағы 6000 шаршы метрлік ғимаратта 1000-ға жуық оқушы тәрбиеленуде. Олардың ішінде 22 Қазақтан, 1 Әлем чемпионы бар. Жыл басынан бері 21 спорт шеберіне үміткер шықты. Спортшылар «Абай-Дәулет» ЖШС-ның қолдауымен көптеген жарысқа қатысуға мүмкіндік алып жүр, – деді «Наман ата» қоғамдық қорының директоры Садырбек Жұмабеков.

Облыс орталығындағы «Евразия» спорт кешені аймақтағы ұлттық спорт түрлері мен бұқаралық-сауықтыру

және денешынықтыруды дамытуға ерекше үлес қосуда. Бұл орында барлығы 67 маман қызмет атқарады. №4 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебіне қарасты кешенде футбол, бокс, дзюдо, тренажер залдары және бассейн орналасқан. Бұл орындарда республикалық және облыстық деңгейдегі түрлі жарыстар мен турнирлер өтеді. Мұнда спорттың 6 түрі бойынша 30 топта 400-ден астам спортшы шұғылданады. Олардың арасында Нариман Молдабек, Дилара Төрәлиева, Әлім Көлкеев, Артур Смағұлов пен Темірлан Якияев, дзюдодан Әділет Керейтбай, Дилара Тынышбаева, Мағжан Жұмажан секілді жастар бар.

– Өңірде 33 спорт мекемесі жұмыс істейді. Оның 4-еуі спорт клубы болса, 29-ы – спорт мекемелері мен жоғары спорт шеберлігі мектептері. Сол арқылы 22 266 баланың жаттығуына жағдай жасалған. Кейінгі екі жылда аймақта 13 спорт кешенінің құрылысы басталып, қазірге дейін 9-ы пайдалануға берілді. Жыл аяғына дейін тағы 4-і ел игілігіне айналады. Биыл сол жағалаудан «Үстел теннисі орталығы» ашылса, ендігі кезекте стадион 2025 жылдың мамыр айында іске қосылады деп жоспарлап отырмыз. Жыл басынан бері Сыр спортшылары түрлі сайыстан 800-ге жуық медаль алды, – деді облыстық денешынықтыру, спорт және туризм басқармасы басшысының орынбасары Жігер Айкешов.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»САЯЖАЙ
ТҰРҒЫНДАРЫНА
БЕРІЛГЕН УӘДЕ
ОРЫНДАЛДЫ

Қазір қос саяжайда қызу жұмыстар жүргізілуде. Өңірдегі ірі жол салушы мекеме – «УАД» ЖШС-ның демеушілігімен ұзындығы екі шақырымдық негізгі көшеге тас төсеу жұмыстары басталып кетті. Ал қаланың коммуналдық мекемелері тазалық жұмыстарын ұйымдастырып, ағаштарды кесіп, жарық бағаналары мен үш аялдама орнатты.

– Тұрғындардың ұсынысы ескеріліп, демеушілік есебінен екі шақырым жол жөнделді. Көше тегістеліп, тас төселді. Қажетті деп танылған жердің барлығы жарықтандырылды. Электр желісі нашар тұстардың бағаналары ауыстырылды. Қоғамдық көлік күтетін аялдамалар қойылды, жол белгілері орнатылды. Алда әлі атқарылар іс көп, – деді қала әкімінің орынбасары Пакуатдин Шамұратов.

Қала іргесінде орналасқан саяжайларда жыл өткен сайын халық саны артып келеді. Тұрғындардың негізгі мәселелері кезең-кезеңімен шешіледі. Көшелер ретке келтіріліп, жарықтандырылуда. Тұрғындарды қаламен байланыстыратын қоғамдық көліктер үздіксіз қатынайды.

Саяжайларға қатысты жағымды жаңалық. Келер жылы Қызылорда қаласының бас жоспары қайта бекітіледі. Аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес, бас жоспарға қала аумағындағы саяжайлар енгізіледі. Осылайша заңды мәртебесін иеленетін саяжайларға инфрақұрылым жүргізіледі.



Кейінгі жылдары саяжай және бау-бақша шаруашылықтарын одан әрі дамыту туралы мәселе жиі көтеріліп жүр. Аумағы кеңейіп, ондағы түйткілдер назарға алынып, ауқымды істер атқарылуда. Енді заңды мәртебесін алса, онда қызу тіршілік басталатыны сөзсіз.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУЫТУ – ҚУАТТЫ ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗІ

Оның айтуынша, «Ауыл аманаты» жобасы аясында 142 млн теңгеге 16 жоба жүзеге асса, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді дамытуға бағытталған пилоттық жоба бойынша 17 жаңа өндіріс қолдау тауып, оған 374 млн теңге қаржы бөлінген. Сондай-ақ шаһарда инклизивті орта қалыптастыру және мүмкіндігі шектеулі жандардың тұрмыс сапасын жақсарту ісінде түрлі бастамаларды жүзеге асырып жүрген 29 әлеуметтік кәсіпкер де қолдау тапқан. Жүйелі жұмыстың нәтижесінде, қала

1-бет

кәсіпкерлерінің де, жұмыспен қамтылғандардың да саны артты. Шағын және орта кәсіпкерліктің арқасында өнім өндіру көлемі ұлғайды. Жалпы, облыс орталығы әлеуметтік-экономикалық даму тұрғысынан тұрақты өсім қарқынын көрсетуде. Мәселен, өнеркәсіп өндірісі 513,7 млрд теңгеге жетсе, өңдеу өнеркәсібі 1,7, ауыл шаруашылығы 0,3, құрылыс жұмыстарының көлемі 49,6, тұрғын үй 5,1, сауда 5,6 пайызға артты. Биыл қалаға 273 млрд 800 млн теңге инвестиция әкелу жоспарланса, оның 224 млрд 500 млн теңгесі тартылды. Қала бюджеті 110

млрд 800 млн теңгеге жетіп, өсім 90,4 пайызды құрады. Бұл ауқымды қаражат өзекті мәселелерді шешуге, қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға жұмсалған. Шаһарда мұнай өндіру көлемінің қысқаруы салдарынан экономика құрылымын әртараптандыру жұмыстары да өз нәтижесін берді. Өңдеу саласында оң қарқынды сақтап қалу үшін биыл құны 8 млрд теңге болатын 3 жоба іске қосылады. Оның 2-уі жүзеге асты.

– Өндіріде өндірістік нысан-дармен қатар, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым



жобалары да жүзеге асырылуда. Соның бірі – «Болат Өтеұратов қорының» демалушылығымен салынған «Қорқыт ата әуежайының» жаңа терминалы. Халықаралық талаптарға сай етіп салынған жаңа терминал елігілігіне пайдалануға берілді. Шыны зауытына жаңа құрылғылар орнатылып, өнім шығару қуаттылығы екі есе артты. Азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыру бағытында жеке қаражат есебінен 4 мың тонналық көкөніс сақтау қой-масы салынды. Металл кон-струкция және асфальтбетон

зауыттарының өндіріс қуат-тылығы ұлғайтылды. Келер жылы айна шығаратын жоғары технологиялық зауыты, қал-дықтарды қайта өңдеу, картон шығару, сүт және макарон өндірісі, сондай-ақ керами-калық кірпіш зауыты іске қосылады. Осындай маңызды нысандар қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпалын тигізетіні сөзсіз, – деді П.Шамұратов.

Мұнан кейін қаланың әлеуметтік-экономикалық да-муына үлес қосқан бірқатар кәсіп иелері қала әкімінің

Алғыс хатымен марапатталды. Айта кетейік, семинарда «Халық» қайырымдылық қоры Алматы облысы бойынша филиалының жоба менеджері Ербол Маралұлы жасанды интеллекттің артықшылығы, оны кәсіпкерлік саласында қолданудың тиімді жолдарын сөз етсе, «The One System» компаниясының негізін қалаушы Аслан Жұмбаев бизнесті жүйелеу әдістеріне тоқталды. Сондай-ақ «NP-Consulting» ЖШС директоры Ғалым Прекешев кіші өндіріс кәсіпорындарын дамыту жолдарын, «Ауыл аманаты» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы мүмкіндіктер ту-ралы АШМ қаржылық құралдар және микрокредит беру депар-таментінің бас сарапшысы Сұңғат Серікбайұлы жан-жақты түсіндірді. Ал азамат-тардың қаржылық сауаттылығы төңірегінде «Қарызыз қоғам» жобасының қаржы сарапшысы Балдырған Мәмен айтты.

Жалпы кәсіпкер үшін маңызды әрі өзекті мәселені көтерген жиында келелі ой айтылып, тұшымды пікірлер ортаға салынды.

Мейрамгүл
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

АДАЛ ЕҢБЕКПЕН МАЛ ІЗДЕМЕК – АРЛЫ АДАМНЫҢ ІСІ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің былтырғы дерегіне сүйенсек, шетелде 194 мың жерлесіміз еңбек етіп жүр. Оның ішінде Ресейде 162 мың, Польшада 13 мың, Ұлыбританияда 6 мың, Оңтүстік Кореяда 6 мың азамат ресми тіркелген. Ал Сыртқы істер министрлігінің дерегінең, жыл басынан бері 191 мың азамат шетелге жұмысқа кеткен.

Тұрмыстық жағдайын жақсарту үшін өзге елде адал еңбек еткені дұрыс-ақ, Абай «Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпен мал іздемек – арлы адамның ісі» деп бекер айтпаған. Осы орайда сырт елдерде еңбек етіп, табыс тауып жатқан жандармен пікірлесіп көрген едік.

Ерлі-зайыпты Айназ, Жандос Қарлыхановтар Ресейде 6 ай жұмыс істеп келді. Олар еліміздің белгілі мұнай компаниясынада әжептәуір қызмет еткен. Он бес жылдық тәжірибесі бар мамандар. Алайда мекемеде қысқарту жүріп, жұмыстан босап қалған.

– Бұрынғы мекемеде жақсы жалақы алдық. Жұмыстан босаған соң, түрлі салада еңбек еттік. Жолдасым құрылысшы болды. Мен түрлі курстар оқыдым. Бірақ айлық мардымсыз еді. Отбасын асырауға жетпеді. Екінші деңгейлі банктерден қаражат алып, кәсіп аштық. Көзін таба алмадық па, табысқа шықпадық. Қайта көп қарызданып қалдық. Содан шетелден жұмыс іздей бастадық. Ағылшын тілі курсына қатыстық. Бастысы, тіл білу керек. Содан Еуропа елдеріне баруды көздедік. Жұмыс тауып беруші компаниямен келістік. Тиісті қаражатын бердік. Ол бізге виза, жол ақысы, қонақ-үй, жұмыс көзін тауып беру керек еді. Белгілі бір уақытта хабарласатын болды. Күттік, ешқандай хабар болмады. Ақыры алданып қалғанымызды түсіндік. Кейін сенімді әрі жақын туысымыз Ресейге кетіп бара жатқанын айтты. Біз де құжаттарды реттеп, бірге жолға шықтық. Онда құрылыста жұмыс істедік. Айлық еңбегімізге сай берілді. Бірақ жұмысы өте ауыр. Алты айдан кейін отбасымызға оралдық. Әжептәуір қаражат жинадық. Несиемізді жауып, енді тағы да үш ай жұмыс істеуге кетіп бара жатырмыз, – дейді олар.

Екінші кейпкер – Бекарыс Алданазаров. Ол 22 жаста. Көпбалалы отбасынан шыққан. Мектеп бітіргеннен кейін грантка ілікпеді. Ақылы оқытын қаражаты болмады. Әскерге барып, борышын өтеп келді. Ауылдан жұмыс таба алмады. Мамандық болмаған соң, жалданып түрлі жұмыс істеді. Жеткілікті жалақы болмағандан кейін, жақын туысы Англияға жұмыс істеуге шақырды. Келісіп, виза мәселесін шешті. Алты ай сыртта жұмыс істеп, жасында елге оралды.

– Ауылда жұмыс табылмаған соң, қалаға да бардым. Арнайы білімім болмағандан кейін түрлі жұмыстар істей бастадым. Бірақ қаражат жеткіліксіз. Үш ай құрылыста дәнекерлеуші болдым. Еңбекақымызды зорға алдық. Уақыт жақындағанда түрлі сылтау айтады. Әртүрлі желеумен болмашы айлықты қысқартып, тын-тебен бергенде қолды бір сілтеп кетіп қалғын келеді. Айлықты сұраған кезде басшылар тарапынан қысым болды. Содан қасымдағы 4-5 бала жұмыстан шығып кеттік. Өкем вахталық әдіспен жұмыс істейтін. Оның да шаруасы өтпеді. Ал анам бір мекемеде тазалықшы болды. Екі азамат анамыздың қолына қарап қалдық. Әпкелерім тұрмысқа шыққан. Жалғыз қарындасым колледжде оқиды. Оқу ақысына да қаражат жетпей қалатын. Содан жақын туысымыз Англияда жұмыс істеп келді. Келесі кетерінде мені де ала кетті. Виза алты айға беріледі екен. Онда барғаннан кейін ауыл шаруашылығы саласында еңбек еттік. Науы айтар болсам, қызанақ өсіретін фермаға орналастырды. Жатын жер тегін берілді. Онда 10 шақты жігіт бірге барған едік. Бәріміз де піскен қызанақты жинап,

тұрады. Ешқандай тәртіп бұзбай, жұмысыңды адал атқарсаң, арнайы сертификат беріледі. Қаланы аралап, қыдыруға болады. Медициналық сақтандыру жүреді. Егер ауырып қалсаң жергілікті емханаларға тегін көріне аласың. Байқағаным, мұнда Африка, Үндістан сынды елдерден де жұмыс іздеп келетіндер көп екен. Сондай жандармен бірге еңбек еттік. Үш жарым айдан кейін елге келдім. Оқу жылы аяқталған соң тағы бару жоспарда бар, – дейді ол.

Дегенмен ол ендігі жолы Еуропа елдеріне баруды көздеп, ол үшін сенімді жеке компанияларды зерттеп жүр.

Әлеуметтанушы ғалымдардың пікірінше, елдегі жастар, оның ішінде экономикалық белсенді азаматтар шетелге жұмыс күші ретінде барады. Мемлекеттің бақылауында жоқ дегенмен, шетел асқандар шамадан тыс көбейсе, елдің еңбек нарығына кері әсерін тигізеді. Мемлекет басшысы әр Жолдауында жастарды жұмыспен қамту мәселесіне ерекше назар аудару керектігін атап айтады. Себебі, халықтың үштен бір бөлігін жастар құрайды. Ал жастар – белсенді топ. Олар көбіне Оңтүстік Корея, АҚШ, Еуропа елдеріне табыс табуға кетіп жатыр. Елімізде мемлекеттік бағдарламалар бар. Кәсіпкерлікті қолдау, қайтарымсыз несие, тұрғын үй алуға арналған жастар бағдарламасы. Дегенмен жұмыспен қамтуға көбірек көңіл бөлу керектігі көзге айқын көрініп тұр. Осы орайда әлеу-меттанушы Нұрсұлтан Қаража-новтың пікірін білген болатынбыз.

– Шетелге жұмысқа кететіндер неге көбейді? Бұл қоғамға қалай әсер етеді? Сұрақтарға жауап көп қырлы. Біріншіден, жастардың шетелге жұмыс істеуге кетуі – олардың мүмкіндіктер іздеуіне ғана емес, елдегі жүйелік проблемаларға деген реакциясы. Екіншіден, бұл құбылыс тек жеке тұлғаға емес, жалпы қоғамға әсер етеді. Елтілантаңтымаамандарынан айырылып, жұмыс күшінің азаюы және «ми ағылу» проблемасымен бетпе-бет келеді. Олардың шетелге кетуін тоқтату үшін ел ішінде жастардың сұранысына жауап беретін мүмкіндіктер жасау қажет. Әлеуметтік әділеттілік, мансаптық өсу мүмкіндіктері, лайықты жалақы және сапалы білім беру жүйесі – елдің болашағын анықтайтын негізгі құралдар.



Фото: Ашық дереккөздер

Қазақстан жастарының еңбек миграциясы – бұл олардың әлемнен орнын табуға деген ұмтылысы. Бірақ бұл ретте мемлекет өз азаматтарын жоғалтпаудың жолдарын іздестіруі тиіс. Жастарды елде ұстап қалу тек экономикаға ғана емес, елдің мәдени және рухани біртұтас-тығына да әсер етеді. Бұл – тек мемлекеттің ғана емес, әрбір қазақстандықтың жауапкершілігінде жатқан міндет. Ең бастысы, әлеуметтік жағдайды жақсарту үшін енгізілген бағдарлама тиімді жүзеге асу керек, – деді ол.

Жақында Оңтүстік Кореяда жұмыс істеуді ниет етіп жүргендер арнайы еңбек визасын алуы мүмкін делінді. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Корея Республикасы еңбек және жұмыспен қамту министрлігінің өкілдері онлайн форматта келіссөздер жүргізіп, осы мәселе талқыланған болатын. Бұл ел азаматтарына Оңтүстік Кореяда заңды түрде жұмысқа орналасуға, тең еңбек жағдайлары мен құқығын қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бірақ нақты шешім әлі шықпады.

Оңтүстік Кореяда бір жыл еңбек еткен Гүлсім Нартайқызы соңғы уақытта онда жұмыс істейтіндердің саны артқанын айтты. Сондықтан елге еркін кіріп-шығуға жағдай жасалғанын қалайды. Ол Кореяға құрбысымен бірге барыпты. Жалғызбасты ана әлеуметтік жағдайы шиеле-ніскен соң, осындай шешім қабылдаған.

Әлеуметтік желіде Оңтүстік Кореядан оралған жерлесіміздің видеосы таралды. Ол отбасына 5 жылдан кейін келген. Ата-анасының қуанышында

шек жоқ. Өлгі баланың да эмоциясы ерекше. Осы бейнежазбаның астындағы пікірлерді оқып шықтық. Сырт елде жұмыс істеп жатқандар жарыса жазыпты. Үш жылдан бері елге келмепті. Елге деген сағыныштарын әсерлі етіп баяндапты. Өлгі жігіттің әлеуметтік желідегі парақшасын шолып шықтық. Ол Оңтүстік Кореяда үздіксіз жұмыс істеп, тапқанын отбасына беріп, баспана салған. Онда өзі секілді қазақ жігіттері көп. Бәрі бірге жұмыс істейді екен. Қандай жұмыс атқарғанын желіге жүктеп отырады.

Заң аясында, еңбек визасымен шетелге жұмысқа барса дұрыс. Бірақ бұл онда жағдай жасалған деген сөз емес. Женіл жұмыс, оңай олжа жоқ екені анық. Оны жоғарыда келтірген кейіпкерлердің сөзінен де аңғаруға болады. Жастардың шетелге еріккеннен емес, әлеуметтік жағдайын түзегісі келген соң бағыт алатыны белгілі. Оқуына, отбасына деп алған несие-сін жапқысы келеді. Себебі тапқан табысы артылмай, бір басына жетпей қалатыны тағы бар.

Ал экономист мамандар еліміздегі жұмыс-сыздық мәселесі күрделі екенін айтады. Көрші елдерге қарағанда жағдай қалыпты көрінгенімен, еңбек нарығында шешілмеген мәселелер де жетерлік. Жастар Ұлыбритания, Ресей, Оңтүстік Кореяға маусымдық немесе басқа да жалақысы көп жұмысқа барады. Бұл – әлемдік үрдіс. Одан қорқудың қажеті жоқ. Бастысы, еңбек қауіпсіздігіне бейжай қарауға болмайтынын айтады. Өйткені шетелге шығып күнкөрісімді жақсартамын деген азаматтар алданып та қалуда. Тайланд, Мьянма және Лаос елдерінің арасындағы алтын үшбұрыш аталып кеткен тропикалық ну орман арасында 100-ге жуық азаматымыз жоғалып кеткен. Арада байланыс жоқ. Соңғы екі жылда қылмыстық топтардың құрығынан 28 қазақстандық құтқарылды. Қалғандарынан хабар жоқ. Келіскеннің орнына басқа жұмыс ұсыныпандар да бар екен. Құрлық асып барып тұрған соң кері кетуге де мүмкіндік болмайды. Сондықтан қаншама жас бармақ тістеп қалуда. Бұған не себеп? Әлеуметтік желіде «шетелге жұмысқа келіңіз, күректөп ақша аласыз» деген жарнама көбейген.

Осы тақырыпты зерттеу барысында «ОЛХ» жарнама сайтында «Шет елдегі жұмыс» деген арнайы айдар бар екенін көрдім. Онда 59 хабарлама тұр. Бірінші мемлекет атауы, қай қаласы, қандай қызмет екені жазылған. Тіпті жұмыс ұсынған компания атауы, мекен-жайы, еңбекақысы көрсетілген. Мәселен, Ресейге көбіне вахталық әдіспен, өндіріс орындарына маман іздеген. Айлық 400-900 мың аралығында. Кейбір жұмыс орны 1 млн ұсынған. Ал Германия, Нидерланды, Англия, Түркия, Корея елдері көбіне ауыл шаруашылығы мамандарын іздейді. Койма, көкөністерді қаптау сынды жұмыстарды жазған. Айлығы 1-3 млн теңге аралығында. Одан да жоғары ұсыныпандары бар екен. Өлгі хабарландырудың бірін тандап, сипаттамасына өттім. Қойлатын талаптары да бар. Ер адам болса оны жаздады. Жасы да маңызды. Айлық жөнінде, сыйақы, демалыс күні, жұмыс уақыты бәрі де анық. Егер нақты апарат керек болса, байланыс нөмірлері көрсетілген. Тіпті жатын жері тегін екені де жазылған кейбірінде. Сауалнамадан өтіп, өтініш тастап, мақұлданса, жұмысқа шақырылды екен. Виза, жол жүру билеті – бәрі де қарастырылады. Міне, көпшілік осылай барады.

P.S. Шетелге ешкім еріккеннен кетпейді. Осындағы күнкөрісі жақсы болса шетел асып несі бар? Айлыққа әрен жетіп, тын-тебенін санап жүргендер қаншама?! Қазақ – бауырмал халық. Алдымен баласын ойлайды, тума-туыстың қамын жейді. Бәріне де қарайласқысы келеді. Несие-сін несиемен жауып жүргендер де жетерлік. Осылайша жалғасқан тіршілігін түзегісі келіп, жақынан дорбаламай, алыстан арбалап келеді ғой. Жұмыс іздеушілердің шетел асуы көп ретте елдегі әлеуметтік жағдайдан хабар береді. Бұл үрдіс жуық арада жалғасын таба беретін сынайлы. Бірақ, адал еңбекпен ақша тапқанда тұрған не бар?!

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

1-бет



Ғалым-агроном, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Жаңақорған ауданының Құрметті азаматы Керімхан Егізбаев биыл 75 жасқа толып отыр.

Фото: Аpsак дерекзоздени.

ҒЫЛЫМ мен ӨНДІРІСТІ ҰШТАСТЫРҒАН

Үш жиырма бесті еншілеген тұсында мерейтой иесінің жүріп өткен жолына көз жүгірттік. Сонымен ол әңгімесін бастап кетті:

– «Бірлік совхозына қарайтын «Қос-үйенкенің» Қаратау бетінде қой фермасы меңгерушісінің отбасында дүниеге келіп-пін. Әкем Егізбай Божбанбаев кейіннен егіншілікпен айналысса, анам Науетек Нақыпқызы колхозшы, жұмысшы, үй шаруасында болған. Орта мектепті өте жақсы бағаға бітіріп, аттестатка қоса механизатор мамандығын алдық. Мектеп қабырғасында жүріп көзге түскендіктен болар, басшылық МТЗ-5ЛС доңғалақты тракторын тапсырып, «Қауық» учаскесіндегі жүгері өсіру звеносын басқаруға тағайындады. Сол жылы 50 гектар жүгеріден жоғары өнім алып, бірқатар заттай сыйлықтарға, мақтау грамоталарына ие болғаным бар. Одан соң азаматтық борышымды 1968-1970 жылдары Германияда атқардым, – дейді ол.

Әскерден соң «Қауыққа» келіп жүгері өсіретін звеноны қайта басқарды. 1972 жылы Алматы қаласындағы Ауыл шаруашылығы институтының «Агрономия» факультетіне оқуға түсіп, оны 1977 жылы үздік дипломмен бітірді. Мемлекеттік комиссия шешімімен институттың аспирантурасына сынақсыз қабылданды. Бірақ туған ағасы Жарылханның қайғылы қазаға ұшырауына байланысты шұғыл елге оралды. Жұбайы Айзада Сейтхановамен бірге «Келінтөбе» совхозының агрономы, бас инженер-гидротехник, «Түгіскен» совхозының бас агрономы болып қызмет атқарды. Оның іскерлігі ескеріліп, Жаңақорған аудандық партия комитеті ауыл шаруашылығы бөлімінің нұсқаушысы болды.

КПСС Орталық Комитетінің шешімімен агроөнеркәсіптік бірлестіктер құрылып, аудандағы осы бірлестік бастығының бірінші орынбасары, ал 1985 жылы КПСС XXIII съезі атындағы совхоздың директоры болып тағайындалды. Көрсеткіштері төмендеген, көш соңында қалған совхоздың экономикасын көтеріп, оның рентабельділігін 178 пайызға дейін өсірді. Оған қоса шаруашылықтың экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштері республика совхоздарының алдына шықты. Сол кездегі жетістіктерін Ауыл шаруашылығы министрі атап көрсетті. Совхоз орталығының келбеті өзгерді, 25 мың түтпен астам саялы ағаш егілді. Ауыл көшелеріне тас жол салынды, ауызсу қосылды. Арық қайта жөнделіп, жаңадан қазылғн совхоз орталығы ағын сумен толық қамтамасыз етілді, 50 орындық екі қабатты емхана мен аурухана бой көтерді, орталық қырман қайта жаңғыртылып, совхоз ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымын өндіретін шаруашылыққа айналды. Әрине, осындай жетістікке «Түгіскен» массивін тұңғыш игеріп, өзіндік қолтаңбасын қалдырған Зұлпыхар Мұсахановтың еңбегінің де айрықша екенін бүгінгі ұрпаққа жеткізуіміз қажет.

Керімхан Егізбаев өзінің ғылыми зерттеулері мен жұмыстарының негізінде Алматыдағы академик В.Вильямс атындағы Қазақ ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасына қайтадан түсті. Сегіз танапты күріш ауыспалы егістігінің барлық қырсырын терең зерттеуге кірісті. Күріштің «Авангард», жүгерінің Венгрия, Польша мемлекеттері шығарған гибридтерін, «Өзбек ақ жүгерісі» сортын, жоңышканың жетісулық жергілікті сорттарын аудандастырып егуді қолға алды. Бұл бастаманы қолдаған аудан шаруашылықтары оларды жаппай екті.

Ол сегіз танапты күріш ауыспалы егісінде күздік дақылдар егудің, өсірудің технологиясын дүние жүзінде алғаш рет

Файзулла САХИЕВ,
Жаңақорған ауданының
Құрметті азаматы



Еңбек адамының көзін көрген Ж.Махамбетов ауылының зиялы қауымы мен тұрғындары елдің ардақты азаматының есімін есте қалдыру мақсатында жаңадан ашылатын көшелердің біріне Сәруар Әжібековтің атын беру туралы ономастикалық комиссияға ұсыныс жасады.

«Өсер ел өткенін ұмытпайды» дегендей, екінші тыңның майталманына қандай құрмет көрсетсе де артық емес. Біз ауыл ардагерлерінің ұсынысын қолдаймыз.

Нұрлыбай ҰЛЫҚБАНҰЛЫ,
облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы ардагерлер кеңесінің төрағасы

ДЕНЕШЫНЫҚТЫРУ ШАРАЛАРЫН ӨТКІЗУ ӘДІСТЕМЕСІ



Фото: Аpsак дерекзоздени.

Адам өмірінде спорттың, яғни дене тәрбиесінің тигізер пайдасы зор. Спортпен айналысқан адам ширақ, жылдам, төзімді болып келеді. «Дені саудың – жаны сау» деп ата-бабамыз бекер айтпаған. Ол адам өмірінің ұзаруына және жан мен тәнің үйлесімді дамуына, салауатты өмір сүруде таптырмас құрал екені айқын.

Жалпы білім беретін орта мектептің алға қойған негізгі мақсаты – оқушыларға салауатты өмір салтына сай қағидаларды үйретіп, болашақтың тірегі, дені сау, күшті, етті, қиындықтан қорықпайтын төзімді, қабілетті азамат тәрбиелеу. Спорт оқушылардың ұжымдық қарым-қатынастарын, тез зейін қоюы мен шапшаң ойлауын, шешім қабылдап, нақты іс-әрекет жасай білу дағдысын қалыптастырады.

Денешынықтырудың профессионалды бағытында ұйымдастырушылық-педагогикалық, психологиялық-педагогикалық кешенінде оқушылар тұлғасына әсері қандай?

Біріншіден, тұлғаның дене мәдениетін, психофизикалық өзіндік қалыптастыру арқылы салауатты өмір салтын ұйымдастыруға, ой еңбегі мәдениетін жақсартуға болады.

Екіншіден, дене тәрбиесі және спорт тәрбиесіне компонентті түрде қолданып, баулу арқылы дене мәдениетіне мән береді. Ұстаздар бірлесіп, келісіммен жұмыс істеу арқылы оқушыларды денсаулығын нығайтуға, физикалық мүмкіндіктерін дамытуға, ой және дене еңбегін арттыруға, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелейді.

Дене тәрбиесінің көптеген қырлары, сондай-ақ профессионалды-педагогикалық білімді жетік меңгерген әр ұстаздың шығармашылық және танымдық белсенділігі артады. Ең бастысы, ғылыми профессионалды деңгейінің дайындығы жоғары дамып, оқытушы кадрлардың профессионалды еңбегінің тұрақты болуына әрі өз қызметіне жоғары жауапкершілікпен қарауға, өсіп келе жатқан ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөледі.

Ғалымдардың пікірінше, оқушылардың сабаққа назар аудару белсенділігі әртүрлі болады. Мысалы, бірінші сынып оқушыларының назар аудару белсенділігі 15-

20 минутқа дейін созылады. Ал жоғары сынып оқушыларында 20-25 минутқа дейін жалғасын табады. Шаршаудың ең бастапқы кезеңінде оқушылар тынымсыз болып, басқа жаққа көңіл аудара береді. Сабақ кезінде сөйлесіп, тұрған орнын ауыстырып, оқытушы сөздеріне аса назар аудару қоймайды. Мұндай әрекеттер – оқушылардың аса қатты шаршағанының белгісі.

Жоғарыда аталып өткен оқушылардың тынымсыздығын азайту үшін таңдалған спорт түріне немесе ұйымдасқан жағдайда дене тәрбиесі минутында дене жаттығуларын жасау аса маңызды.

Дене тәрбиесі минуты сыныпта педагогтің немесе дене тәрбиесі мұғалімінің бақылауымен жүргізіледі. Бұндай жаттығулар 1-2 минуттан аспауы тиіс. Оны оқушылардан сабақ кезінде шаршау белгілері көрінсе, назары төмендеп, белсенділігі жойылған уақытта жүргізіледі. Сабақты жүргізіп жатқан ұстаз дене тәрбиесі минутын қашан өткізгісі келсе өз еркі. Әсіресе бастауыш сыныптарда барлық сабақтарында өткізген дұрыс. Оқушылар жаттығуларды тұрып орындау керек.

Кешенді жаттығулар 3-5 жаттығудан құралып, 4-6 рет қайталанады. Оған жеңіл, жай, қозғалыстың қиын координациясын қажет етпейтін жаттығулар кіреді. Олар көбінесе буын мүшелеріне бағытталуы керек. Негізінен оқушыларға отырған қалыпта жұмыс істемейтін буындарға жаттығу жасату аса маңызды. Еңкею, жартылай еңкею, отыру, жартылай отыру, қолды қозғалту, керілу сияқты жаттығулар дұрыс.

Қоңырау кезінде оқушылардың белсенді демалуын мекеме директоры бекітіп, тәрбие жөніндегі меңгерушісі іске асырады. Менгеруші сабақ режимінің атқарылуын бақылап, ұйымдастырушылық сұ-

рақтарын шешуге көмектесіп, қозғалыстағы қоңыраудың жүргізілу кестесін құрастырады. Ойындардың тұрақты жүргізіліп тұруына сынып жетекшілері жауапты болады. Дене тәрбиесі мұғалімі сабақтан тыс жұмыстармен айналысатын меңгерушімен бірлесіп, әр сыныпқа қозғалыстағы қоңырау кестесін құрастырады. Педагогикалық кеңесте айына бір рет оның жүргізілуі мен ұйымдастырылуы бойынша сөз қозғалады.

Оқушылардың белсенділігін, денсаулығын арттыру мақсатында таза ауада жаттығулар жүргізілу керек деген пікірге ешқандай ұстаз қарсы болмайды деген ойдамын.

Оқушыларды тез арада ұйымдастыру үшін неше түрлі ойындар жүргізуге болады. Мысалы, гимнастикалық орындықтан, обруч арасынан өту ойындарын өткіземіз. Бұндай жаттығулар негізгі ойындар бастар алдында дайындық ретінде жүргізіледі. Оқушыларды санақ бойынша, топ-топқа бөліп ойынды бастайды. Уақытты көп жоғалтпау үшін ту, лента, доп қолдануға болады. Ұйымдастырылған қоңырау кезінде оқушыларға ойынның шарты түсіндіріліп, қойылатын талаптар айтылады.

Осындай жағдайда ғана оқушыларға моральды және бостандық қырларына тәрбиелеу жұмыстарын жүргізуге болады. Ойынды бастамас бұрын мұғалім атын және шарты мен талаптарын түсіндіреді. Бұндай еске түсірулер қысқа және ұғынықты, нақты болуы керек. Өйткені бастауыш сынып оқушылары ойынды тез бастап кеткісі келеді. Оқушыларға мәлім не болмаса жеңіл ойындарды жүргізу тиімді. Егер де жана, оқушылар білмейтін ойын ойналатын болса, ұстаз шартын түсіндіргеннен кейін, қалай екенін көрсетеді. Содан кейін ғана ойын өз шарты бойынша өткізіледі.

Алмат ЖУБАНОВ,
облыстық денешынықтыру, спорт және туризм басқармасының маманы

///ӘЛІ ЕСІМДЕ



КЕНТАУДАҒЫ
КЕЗДЕСУ

Осыдан тура жарты ғасыр бұрынғы сол бір кездесу менің жадымда әлі күнге сайрап тұр.

...Өткен ғасырдың жетпіс төртінші жылғы желтоқсан айының соңғы күндері. Сол кездегі Жазушылар одағы Шымкент облысаралық бөлімшесінің (о кездері бұл бөлімше Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарында тұратын қаламгерлерді біріктіретін) төрағасы, белгілі балалар жазушысы Нәсірдин Сералиев Қызылорда облыстық комсомол комитетіне қатынас қағазын жолдаған. Ондағы Сыр бойынан 1974 жылғы 28-29 желтоқсанда Кентау қаласында өтетін жас акын-жазушылардың республикалық кеңесіне қатысатын бір топ үміткерлердің қатарынан өзімнің аты-жөнімді көргендегі қуанышымды әлі күнге ұмытпаймын.

Бұл тізімнің басында әрине, жас қаламгерлердің ақылшы-кеңесшісі ретінде қазақ әдебиетінің классигі, абыз ақсақал Асқар Тоқмағамбетов тұрды. Бұ кісінің жанында мен кіммін? Нәбәрі жиырма екі жастамын. Бар үмітім қалтама екі бүктеп тыққан тор көзді дәптердегі шимай-шатпағымда. Оның өзін ұлы ұстазым Зейнолла Шүкіров қызыл қаламсаппен түзеп-күзеп берген болатын.

Сонымен асқақ арманмен, үкілі үмітпен үлкен жолға шықтық. Қызылордадан киелі мекен Түркістанды бетке алған жолдаушылар пойызында Жаңақорғаннан Адырбек Сопыбеков, Файзулла Сахиев, Әкім Мейірбеков, Қызылорда қаласынан Асқар Кіребаев, сол жылы «Жазушы» баспасынан «Жүрек жырлайды» атты тұңғыш жыр жинағы жарық көрген Иранбек Оразбаев (Иран-Файып), Жалағаштан Мәлік Аяпов, Тереңөзектен Мұхтар Сақтапов, Балашбек Шағыров, Аралдан Серік Сейітмағамбетов пен осы жолдардың авторы бар. Бастаушымыз облыстық комсомол комитетінің хатшысы Атамұрат Шәменов басқа вагонда.

Ауылдан шыққалы жайлы вагонда жыр оқып, ән шырқап, Сырдың он сал-серісі Түркістан шаһарына қарай көңілді күйде жол үстінде келе жаттық. Ортамызда әзіл-қалжыңның көрігін қыздырып отырған акын-журналист Асқар Кіребаев. Жас шамасы сол кездері жиырма жеті, жиырма сегізде. Нағыз сері. Түр-сипаты тобылғы түстес, бой-сойы келіскен төртпәк әдемі жігіт. Әр сөзін әрлеп, нәрлеп, әзіл-қалжыңды әртісше құбылтып айтады.

Ашуға ырық бермейтін әзілді кім жек көрсін?! Асқар ағамыз әсіресе өзімен түйдей құрдас Иранбекпен қатты қалжыңдасады. Ара-тура Иранбектің сол жылы жарық көрген пышақ қырындай, көлемі алақандай, ессесі атан түйенің жүгін көтеріп тұрған жыр жинағын парақтап отырып: «Дегенмен сен мықтысың. Осы отырған бәріміз – әлі кітабы шықпаған кішкентай ақындармыз. Орта жүзден, оның ішінде Арғыннан шыққан атышулы акын болатын түрің бар» деп қажайды. Иранбек те досының қағытпа қалжыңына ессесін жібермейді.

Сөйтіп екеуінің жарасымды қалжыңы мен ақындардың бірінен соң бірі оқыған жырларын көңілді отырысты одан әрі қыздырып, жолды кәдімгідей қысқартты. Арасында Иранбек ағамыз келешек «Секретарьлар сырласқанда» атты поэма жазатынын, Алматы қаласына қоныс аудармақ ойын айтты. Сол жерде отырған үлкен-кішіміз талантты ақынның бұл ойын бірауыздан мақұлдадық, шынында да араға

бірнеше жыл салып ол Алматы шаһарына біржолата көш басын бұрған еді.

Өстіп отырып Түркістанға қалай жеткенімізді білмей қалыппыз. Абыр-сабыр шұбырып пойыздан түсіп жатырмыз. Бізді перронда қос балдағына сүйенген, көз әйнегі түнгі вокзал шамдарының жарығымен жарқ-жүрк еткен бір жігіт пен жас шамасы отыздың жуан ортасындағы жігіт күтіп алды. Артынан біліп жатырмыз. Бірі Қаныбек Сарыбаев болса, алдыңғысы Өмірбек Сәуірбаев деген түркістандық белгілі ақындар екен.

Әдеби ортаға екеуі де әлдеқашан танымал болған. Оның үстіне Қаныбек аралдық Серік Сейітмағамбетовпен Қызылорданың пединститутында қарайлас оқыпты. Ал біз олармен тұстас оқыған, бірақ мен көрмеген Махмұтбай Әміреев, Зордан Салықбаев, Тыныштықбай Мұрынбаев сияқты ақындардың өлең-жырларын Қызылорда облыстық «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газетінің әдебиет беттеріннен оқитекте оқып қалатынымыз.

Сонымен пойыздан күтіп алған қасиетті Түркістанның қос ақынына сол жерде Нұрмахан Назаров қосылды. Ол да – түркістандық белгілі акын. Қызмет орны Қожа Ахмет Ясауи мавзолейінде екен, Қызылорда пединститутының түлегі болып шықты.

Әп-сәтте кенді қала Кентауға келген бізді осындағы «Ащысай полиметалл» зауытының зауыл қонақүйіне жайғастырды. Осы жерде атағы дүркіреп тұрған Сабырхан Асанов, Аян Нысаналин, Ибрагим Исаев сияқты алматылық ақындарды алғаш рет көрдім. Бұған дейін менің көрген ақындарым Зейнолла Шүкіров, мектеп қабырғасындағы жылдары ауылдағы клубта Аралдан кемемен келіп, тұрғындармен кездескен Ғафу Қайырбеков, Сағи Жиенбаев сияқты поэзия пырақтары болатын.

Кентауда өткен екі күндік жас қаламгерлердің семинар-кеңесіндегі поэзия секциясында Қадыр Мырза-Әлі, Сабырхан Асанов, Аян Нысаналиннің өлең туралы әсерлі әңгімелерін, тұшымды ақыл-кеңестерін тыңдап, өзіміз де бір-бір өлең оқу бақытына ие болдық. Тараздық акын Тынышбай Рахимовтың оқыған өлеңіне ден қойған Асқар Тоқмағамбетовтың «Ой, Тынышбай, Тынышбай, айтқан сөзің қылыштай» деп аталық ақжарма тілегін осы секция үстінде жеткізгені де әлі есте.

Бұл семинарға атыраулық Күләш Нәбиева, алматылық Тұрсынай Оразбаева, әктөбелік Есенбай Дүйсенбаев, талдықорғандық Әбен Дәуренбеков, маңғыстаулық Мырзағали Інірбаев (Мір-шайыр), тараздық Тынышбай Рахимов, қызылордалық жоғарыда айтылған жыр жүйріктері, кентаулық Рахым Балабиев, түркістандық Өмірбай Сәуірбаев, шымкенттік Хан-бибі Есенқараева, Нармахан Бегалиев және басқалар қатысты. Әрине, арада бақандай елу жыл өтті. Көбісі жадымда қалмаса, желдей соққан, судай аққан зымыран уақыт кінәлі. Сондықтан арамызда жүрген, аттары аталмай қалған не болмаса тұз-дәмді таусылып бақилық болған, осынау кеңеске қатысқан қаламдастарымның баршасынан ғафу өтінемін.

Сол кеңесте әдебиетіміздің ақсақалы Асқар Тоқмағамбетов, белгілі қалам иелері Амантай Сатаев, Сәуірбек Бакбергенов, Николай Ровенский, Сабырхан Асанов қазақ-орыс секцияларында қатысушылардың өлең-

жырларын мұқият тыңдап, ағалық ақылын айтты.

Кейін жастардың өлеңдері Сабырхан ағамыз қызмет атқаратын «Қазақ әдебиеті» газетінің тұтастай бір бетіне басылды. Оның қатарынан өзімнің «Қысқа түн немесе өзін жайлы» атты бас-аяғы төрт-бес шумақ өлеңімді көргендегі қуанышымды әлі ұмытқан емеспін.

Кеңеске Қазақстан комсомолы орталық комитетінің хатшысы Тельман Сауранбаев, Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Қалаубек Тұрсынқұлов байыпты басшылық жасап, соның нәтижесінде бұл шара өз дәрежесінде өткен еді.

Қатысушылардың ішіндегі ең жасы маңғыстаулық Міршайыр мен екеуміз едік-ау. Араға үш жыл салып екеуміз 1977 жылы Алматы қаласында өткен жас акын-жазушылардың кеңесінде қайта қауышқан болатынымыз. Кейін өмірден өткенін естідім. Иманы саламат болсын.

Сөйтіп екі күнге созылған семинар-кеңес соңында қатысушылар жұбын жазбай Кентау трансформатор зауытында, «Ащысай полиметалл» комбинатында, Түркістандағы вагон жөндеу депосында және басқа да өндіріс, өнеркәсіп орындарында қарапайым еңбек адамдарымен диаларласып, әдеби кездесулер өткізіп арқа-жарқа болғанбыз.

Сөз реті келгенде айта кетейін.

Иә, еңбек адамдарына қошемет пен құрмет кеңестік кезеңде бірінші кезекте тұратын. Адал еңбегіне орай қырдағы малшылар, астықты алқаптағы диқандар, кен қазған кеншілер, ақжал толқындармен алысқан балықшылар, Отан дәулетін тасытқан тағы басқа қарапайым еңбек адамдары мақтау-марапаттан кенде болған жоқ. Барша идеологиялық сала да солай. Қазақ әдебиетінің кешегі көрнекті өкілдері Ғабиден Мұстафин «Миллионер», Сәбит Мұқанов «Сырдария», Тахауи Аханов «Боран», Әбдіжәміл Нұрпейісов «Қан мен тер», тағы басқа да қаламгерлер осындай еңбек, еңбек адамдары туралы үлкенді-кішілі әдеби көркем дүниелерін оқырман қауымға ұсынған болатын. Амал не, ескі қоғам есіктен шығып, жаңа қоғам табалдырықтан аттағалы Отан дәулетін тасытып жатқан еңбек иелері ұмыт қалған тәрізді еді. Араға уақыт салып сол бір игі үрдіс Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауында нақты жалғасын таппақы қандай керемет?! Бұл қадам жұртшылық тарапынан лайықты қолдауға ие болғанын айта кеткім келеді. Соған сәйкес «2025 – Жұмысшы мамандықтары жылы» болып жарияланды. Бұған бүгінде түскен жылдық торқалы тойы өткізген отырған Жазушылар одағының мүшелері жаңа шығармаларымен үн қосады деп ойлаймын.

...Сонымен Кентауда өткен семинардан қайтар жолда Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи мавзолейінде болып, қазақтың әйгілі хандары, батырлары, билері мәңгілік тыныс тапқан киелі орындарға тағзым жасалдық. Суретке түстік. Сол бір сәт менің жадымда арада жарты ғасыр уақыт өтсе де әлі күнге жаңғырып тұр.

Толыбай АБЫЛАЕВ, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Жарасқан Әбдірашев атындағы әдеби сыйлықтың лауреаты

///ЖАН АЗЫҒЫ

ЖАЗУШЫДАН
КЕЛГЕН ХАТ

Адамның балалық шағында болған оқиға ұзақ жылдар бойы санасында сақталып қалатыны рас. Бүгінгі әңгіме өзегіне айналған мына жайт арада 50 жылдан астам уақыт өтсе де әлі күнге жадымда тұр. Ауылымыздағы №94 мектептің бастауыш сыныбында оқып жүрген кезім. Оқыған әдеби кітаптарымыздың мазмұнын ортаға салу, түсінік айтып беру – отбасымызда қалыптасқан дағды.

Бірде тетелес ағам, марқұм Темірбек өзі оқыған кітаптың мазмұнын бізге баяндап берген-ді. Шұрайлы тілмен жазылған кітап бәрімізге қатты әсер етті. Тіпті бұл туындының жазушы Өтебай Қанахиннің «Жер басып жүрсем» деген кітабы екені санамызда берік сақталып қалған. Әке-анамыз күнұзағына жұмыста жүретіндіктен үйде әжем мен немерелері, яғни біз ғана боламыз.

Сол тұста 8-сыныпта оқитын Темірбек «Жер басып жүрсем» туралы, ондағы кейіпкерлер хақында өзінің ойға түйгенін қағазға түсіріп, кітаптың бетіндегі көрсетілген мекен-жайға хат жазып жіберген еді. Әрине, ол кезде жазушыдан жауап келеді деп ешкім де ойламаған шығар. Десе де біршама уақыттан соң Темірбек ағамның атына арнайы хат келді. Конверт бетінде көрсетілген

жіберушінің «Өтебай Қанахиннен» деп жазылғанын көргенде сенер-сенбесімізді білмедік. Неткен ыждағаттылық! Көпке танымал тұлғаның бар-жоғы 8-сынып оқушысына ықылас білдіріп, жауап жазуының өзі зор құрмет-тұғын.

Әке-анамыз жұмыстан келген соң Тәкең жазушыдан келген хатты зор қуанышпен жеткізді. Ондағы «мектебіңді жақсы бағаға аяқтап, әдеби кітаптарды көп оқы, журналистика саласын таңдасаң, біршама жетістікке жетесің» деген пікірге Темірбек қатты әсерленген-ді.

Бірақ ағам журналистика саласын тандай алмады. Олар мектеп бітірер тұста «Мектептен – өндіріске» деген бастама белең алып, өзге құрдастарымен бірге комсомол жастар бригадасын құрып, шопан ретінде жұмысқа араласты. Ал

Қанахиннен келген хат бертінге дейін үйде сақтаулы тұратын.

Сол кезеңде ауылда жаңадан мектеп ғимараты салынды. Бір қабатты, ұзынша, жаңа мектеп үйі бізге еңселі де өте әдемі көрінетін. Оқу жылы басталды. Едені жарқырата сырланған бөлмелерді, ұзынша залды көргенде қуанышымыз қойнымызға сыймады. Және бір кереметі, сол кезеңде жоғары оқу орнын бітірген бір топ жас мұғалім ағайлар мен апайлардың келуі ауылымыздың өміріне соны серпін әкелгендей болды. Сол шағын мектептен түлеген қаншама шәкірт қазір еліміздің түкпір-түкпірінде ғұмыр кешіп, жемісті қызмет етуде.

Бүгінде ауылымызда «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 300 орындық мектеп ғимараты салынып жатыр. Ұрпақтар сабақтастығы дегеніміз осы шығар.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ, «Сыр бойы». Қазалы ауданы, Жанқожа батыр ауылы

///АПТАЛЫҚ

ТУҒАН ЖЕР –
ТҮНҒАН ТАРИХ

Қызылорда жоғары көпсалалы колледжінде «Қоғамдық-гуманитарлық мамандықтар» бірлестігінің жетекшісі Нұргүл Скакованың, бірлестік оқытушыларының ұйымдастыруымен «Цифрлық әлемге – кемел біліммен» тақырыбында апталық өтті.



Апталық аясында қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні оқытушылары Ақнұр Махмұтова мен Сандұғаш Ибрагим «Өрлеу» БАҰО АҚ кәсіби дамыту институтымен бірлесіп «Туған жер – туған тарих» тақырыбында жыр мүшайрасын өткізді.

«Өркімнің туған жері – Мысыр шаһары» деген даналық сөз бар. Оның әр адам үшін маңызы жоғары. Туған жер тақырыбын арқау еткен өлең додасына студенттер қатысты.

Жыр жәрменкесінің ашылуында Қызылорда жоғары көпсалалы колледж директоры Азамат Қалмаңұлы қатысушыларға тілектестігін білдірді.

Өлең құрылымы, мазмұны мен тақырыпты аша білуі,

ұтымды ұйқас табуы – бәрі-бәрі балауа барысында ескеріліп отырды.

Ақындар мүшайрасына «Өрлеу» біліктілік арттыру орталығының аға оқытушысы Жанар Құлымбетова, Қызылорда Ашық университеті, «Педагогика» кафедрасының оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, жас акын Роза Шыңжырбай, Қызылорда жоғары көпсалалы колледжінің кітапханашысы Ақзира Сейіл қазылық жасады.

Мүшайра қорытындысы бойынша Қызылорда қызмет көрсету және сервис коллед-

жінің студенті Дінмұхаммед Шаймерден жеңімпаз атанды. Жүлделі екінші орын Қызылорда жоғары көпсалалы колледжінің студенті Аяулым Тәңірбайға табысталды. Жиырмаға жуық акын бақ сынаған мүшайрада үшінші орындармен Қызылорда Авиценна медициналық колледжінің студенті Ақниет Жиенбай және «Болашақ» университеті жоғары колледжінің студенті Айжан Дүйсенғали марапатталды. Барлық қатысушыларға Алғыс хат табысталды.

«СБ» ақпарат

ЖАРИЯ ТЫҢДАУ ӨТКІЗІЛЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті (бұдан әрі – департамент) «Қазушар» ШЖК РМК «Сыр суы» филиалының (бұдан әрі – филиал) суды магистральдық құбыр жолдары және таратушы желілер арқылы беру, сарқынды суды бұру қызметтері бойынша бекітуге берілген тарифтерінің жобасын талқылау бойынша жария тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жария тыңдаулар өткізіледі: – 2024 жылғы 2 желтоқсанда сағат 11.00-де Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қаласы, Бақтыбай батыр көшесі 56, қалалық мәдениет үйі;

– 2024 жылғы 2 желтоқсанда сағат 15.00-де Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Аймауытов көшесі 68, мәдениет үйі;

– 2024 жылғы 3 желтоқсанда сағат 11.00-де Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Қорқыт ата көшесі 1, мәжіліс залы;

– 2024 жылғы 3 желтоқсанда сағат 15.00-де Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Төретам кенті, Мұратбаев көшесі 16, Төретам кенттік клубы;

– 2024 жылғы 4 желтоқсанда сағат 11.00-де Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі 7, «Руханият» орталығының мәжіліс залы;

– 2024 жылғы 4 желтоқсанда сағат 15.00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Терөзек кенті, Қонаев көшесі 8, Мәдениет үйі;

– 2024 жылғы 5 желтоқсанда сағат 10.00-де Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Сығанақ көшесі 4, «Арман» кинотеатры;

– 2024 жылғы 5 желтоқсанда сағат 15.00-де Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Рысқұлов көшесі 3, мәдениет үйі.

– 2024 жылғы 6 желтоқсанда сағат 10.00-де Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Құнанбаев көшесі 1Н, филиал ғимараты.

Жария тыңдауға қатысу үшін депутаттар, жергілікті атқарушы және мемлекеттік органдардың, БАҚ, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, тәуелсіз сарапшылар және тұтынушылар шақырылады.

Сонымен қатар, барлық аудан тұрғындары мен өзге де мүдделі тұлғалар онлайн режимінде де Facebook әлеуметтік желісіндегі департаменттің ресми парақшасында жария тыңдауларға (https://www.facebook.com/profile.php?id=100030142456862) қатыса алады.

Әрбір тілек білдіруші онлайн режимде өз сұрақтарын қойып, оларға жауап ала алады.

Қосымша сұрақтар бойынша мына телефондарға хабарласуға болады: 8 (7242) 26-23-67, 27-79-74.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

/// ӘБДІЖӘМІЛ НҰРПЕЙІСОВТИҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ

ҒАСЫРЛЫҚ ҒҰМЫР ҒИБРАТЫ

Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, қазақ әдебиетінің алыбы, есімі аңызға айналған қалам иесі Әбдіжәміл Нұрпейісовтің 100 жылдығына орай Ө. Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасы Қазақстан Халық партиясымен бірлесіп, «Өмір шындығына адалдық» атты әдеби кеш ұйымдастырды.

Ә.Нұрпейісовтің тұңғыш романы «Курляндия» 1950 жылы жарияланып, кейіннен «Күткен күн» деген атаумен жаңа нұсқада жарық көрді. Бұдан бөлек, «Сен», «Соңғы парыз» роман-дилогиясының, «Толғау» атты сыни еңбектің, сондай-ақ, көптеген көркем аудармалардың авторы. Ал басты туындысы – «Қан мен тер» трилогиясы («Ымырт», «Сергелден», «Күйреу») алғаш 1970 жылы жарық көрген.

Әдеби кештің шымылдығын ашқан қалалық Жастар театрының актерлері «Әбдіжәміл әлемі» атты пролог оқып, қаламгер шығармаларының басты кейіпкерлерін бүгінгі уақыт тұрғысынан сөйлетіп, автор рухына тағзым етті.

Кешке қоғам қайраткері, ардагер С.Әбішев, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жазушы Б.Ұзақбаев, акын, Қазақстан Жазушылар одағы-

ның Қызылорда облысындағы өкілі Қ.Есімсейітова, Қазақстанның Құрметті журналисі, жазушы Н.Рахмет, ҚХП ҚБ Орталық аппараты ұйымдастыру бөлімінің басшысы Н.Оразханов, бөлім басшысының орынбасары А.Дүкенбаева, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика білім беру бағдарламасының қауымдастырылған профессоры Г.Баялиева, осы университеттің аға оқытушысы Т.Телеубаев, жергілікті БАҚ өкілдері, Жастар театры өнерпаздары, ЖОО студенттері қатысты.

Кеш қонақтары қазақ көркем әдебиетін күллі әлемге танытқан әдебиет алыбы Әбдіжәміл Нұрпейісов шығармашылығы туралы айтып, оқырманға кең танылған, әлемге әйгілі «Қан мен тер» трилогиясы, сонымен қатар,



туған топырағына, тағдырлы Арал теңізіне деген перзенттік махаббатының куәсіндей «Соңғы парыз» романын тарката баяндап, қатысушыларға ой салды. Ғасырға таяу ғұмыр кешкен қаламгердің ғибратты өмір жолынан естеліктер айтылып, жас ұрпақ жалында әдемі әсер қалдырғаны байқалды.

Іс-шара аясында оқырман назарына «Әбдіжәміл Нұрпейісов – заманымыздың заңғар жазушысы» атты кең көлемді кітап көрмесі ұсынылды.

Келесі күні Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Студенттер сарайында Қазақстан Халық партиясы Орталық аппаратының

ұйымдастыруымен «Теңдесі жоқ кемеңгер жазушы» атты конференция өтті. Жиынды ҚХП Орталық аппараты бөлім басшысы Нұрдаулет Оразханов ашып, күн тәртібіне сәйкес Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессорлары, зиялы қауым өкілдері қаламгер шығармашылығы туралы кеңінен баяндап, пікірлерін білдірді.

Екі күнгі жиын барысында белсенді қатысушыларға ҚХП атынан естелік сыйлықтар табысталды.

**Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»**

/// КӘСІП

Өңірде өз кәсібін дөңгелентіп отырғандар арасында әйелдер қауымының үлесі бұрынғыдан да артып келеді. Олар отбасы мен бизнесті қатар алып жүріп, іскерлігін де дәлелдеуде. Бизнес-идеяларын жүзеге асыру үшін мемлекеттік қолдауды тиімді пайдаланып, кәсібін жандандырып, жетістікке де жетті. Сондай жандардың бірі – Жұлдыз Күшжанова.

ЖҰЛДЫЗДЫҢ «ЖАНТАҚ ШАЙЫ»



Оның жобасы ерекше. Жантақтан шай шығарады. Өсімдіктің адам денсаулығына пайдасы көп, дәрі-дәрмектің құрамынан кездестіреміз. Жып-жинақы, шағын қорапшаға салынған өнімге алғашқыда көпшілік тосырқай қарағанымен, пайдасын білгеннен кейін іздеп келушілер көбейген. Әзірге өнім жергілікті дүкен сөрелеріне қойылған.

Жұлдыз кәсіпті бала күтіміне байланысты еңбек демалысында қолға алды. Өз қаражатына жартылай дайын тағам өндірісін бастады. «Адалас» цехын ашты. Цех заман талабына сай құрал-саймандармен жабдықталған. Еңбеккер қыз шаруасын одан әрі дамыту үшін өткен жылы «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 2,5 пайызбен 6 миллион теңге жеңілдетілген несие алып, кәсібін кеңейтті. Ісі жанданып, 4 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

– Мемлекеттік қызметте істедім. Кейін өз қаражатыма кәсіп аштым. «Адалас» өнімдері халық арасында сұранысқа ие. Осы бағыттағы жұмысым жүзіленіп, екінші кәсіпті қолға алдым. Пайдалы дүние жасауды көздедім. Осы кезге дейін аралдық кәсіпкер жантақтан сабын өндіріп. Бұл жайлы естіген боларсыздар? Осы жобаға қызығушылығым оянып, жантақ шайын шығарсам деген ой келді. Жобамды толық зерттеп шықтым. Құрамын пайдалы етуге тырыстым. Алғашқы тұтынушым жақындарым болды. Отбасым күнделікті қара шай-

дың орнына жантақ шайын қолдана бастады. Дәмі керемет, бәріне ұнады. Ешқандай қоспасы жоқ, емдік қасиетке ие, – деді ол.

Күнделікті тұрмыста қолданылатын шайдың көптеген түрлері сырт елдерден тасымалданады. Үнді, Кения шайы жоғары сұранысқа ие. Бірақ көпшілігінің құрамы адамға түсініксіз, қоспаларына мән бермей жатамыз. Кейде бояуы қанық болса, енді бірінің шығымы жоқ. Тіпті мамандар қара шайдың адам денсаулығына кері әсер беретінін де айтып жүр. Ал Жұлдыздың шайы табиғи әрі пайдасы көп.

Кәсіпкер өнімін танымал ету үшін жергілікті тауар өндірушілердің көрмесіне, түрлі жобаларға қатысуда. Соның бірі – «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының «Бір ауыл – бір өнім» жобасы. Облыс деңгейіндегі жобаға түрлі кәсіп иелері қатысып, өнімдерін ұсынды. Үздіктер іріктеліп шықты. Олардың қатарында Жұлдыздың «Жантақ шайы» да бар.

– Тың идея көп. Жобамды дамыту үшін ізденіп жүрмін. Бастысы өнімнің сапасы жоғары. Кез келген ортада ұсына аламын. Енді шайдың көлемін арттырып, өзге де өңірлерге шығаруды көздеп отырмын. Ол үшін кәсіпкерлерге берілген мүмкіндікті тағы да пайдаланып көрмекпін, – дейді Жұлдыз.

**Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»**

/// ТАҒЫЛЫМ

ТӘРБИЕНІҢ БАСТАУ БҰЛАҒЫ



Қызылордадағы Т.Рысқұлов атындағы №222 орта мектептің тек білім ғана емес, ұлттық құндылықтарды алға тарта отырып, оқушыларға тәлім-тәрбие беруі – ерекше бағыт.

Мектеп табалдырығын аттаған әрбір оқушының санасына алдымен білім мекенінің тәртібі мен ұстанымдарын сіңіреді. Директор Максұт Ахметұлы бастаған ұстаздар қауымы осы бағыттан таймай, тыңғылықты жұмыс атқаруда. Сонымен қатар тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар Г.Ақылбекқызы, Б.Бектемірдің қызмет барысындағы оқушымен тіл табы-

суы, өзгеше әдіс-тәсілдері және тәрбие жұмысын тиімділікпен ұйымдастыру бағытындағы атқарып жатқан жұмыстары ұшан-теңіз.

«Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институтының ұйымдастыруымен өткен «Отбасылық хикаялар» республикалық бейнероликтер конкурсына осы мектептің 3, 7-сынып



оқушылары, бір үйдің балалары Әмірбек Әсем мен Көркем, Мерей қатысып, жұлделі II орынды иеленді. Ұстаздары Ж.Қорғанбаева, А.Ахметова бала тәрбиесіндегі ынтымақтастықты қалыптастырып, ортақ мақсатты көздеген өз қызметтерін аянбай атқарып келеді.

Отбасы институтын сақтау және нығайту, жас ұрпақты адалдыққа, ата-ананы құрметтеуге, кадрлеуге, дәстүрлі отбасылық құндылықтарды жандандыруға негізделген рес-

публикалық конкурстың берері мол.

Қазақы тәрбиенің бастау бұлағына айналған бұл әулеттің алтын қазықтары Әмірбек ақсақал мен Ақмарал әже немерелерін ізгі ниетті, адал етіп тәрбиелеуге мән береді. Ата-әженің тәрбиесі ізгіліктің жарығындай бала жүрегің нұрландырып тұратыны хақ. Өмірден алған тәжірибесі мол, көпті көрген көнекез қарияларымыз аман болсын.

«СБ» ақпарат

/// БАЙҚАУ

КЕЛІНІ ЖАҚСЫ ҮЙДІҢ КЕРЕГЕСІ АЛТЫН



«QOSYL» қалалық жастар ресурстық орталығы мен С.Майқанова атындағы мәдениет үйінің ұйымдастыруымен «Келіні жақсының – керегесі алтын» атты келіндер сайысы өткізілді. Шараның басты мақсаты – жас отбасыларды қолдау, жас келіндердің арасында отбасы құндылықтары мен ұлттық дәстүрлерді насихаттау.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеуді бағдар еткен сайысқа бес келін қатысты. Олар «Сәлем – сөздің анасы», «Таныстыру», «Өнерлі өрге жүзер», «Аспазшы – үйдің ырысы» және «Салт-дәстүрім – таусылмайтын байлығым» бөлімдері бойынша бақ сынады.

Байқау «Бастаңғы» әжелер ансамблінің «Ата дәстүр» әнімен ашылды. Келіндер сайысын «Анаға тағзым» ор-

талығының әдістемешісі, «Жас отау» жас отбасылар клубының жетекшісі Сәлима Шалабайқызы, қоғамдық даму бөлімінің әдіскері Бағым Едігекқызы, «Бастаңғы» әжелер ансамблінің жетекшісі Шамшырақ Көрпешова бағалады.

– Бүгінгі сайысқа үлкен дайындықпен келдім. Өз өнерімді көрсету үшін тоқыған түкті кілемді әкеліп отырмын. Бұл – бабадан келе жатқан байырғы дәстүріміз. Кілем тоқуды қыздарыма үйретемін. Өзім Ә.Тыныбаев атындағы №11 мектеп-лицейінде бастауыш сынып мұғалімімін. Сабактан тыс уақытта оқушыларыма кілем тоқуды қыр-сыры жайында айтып, кеңес беремін. Мұның адамның ой-өрісінің дамуына тігізетін пайдасы орасан. Отбасында ата-енемнің қолында тұра-

мын. Сол кісілердің өнегесін алып, бойымызға сіңіріп келеміз. Бүгінгі сайысқа барлығы бес туынды ұсынып тұрмын. Көрерменге оның жасалу жолдары жайлы айтып бермекпін. Мұндай сайыстың жас отбасыларға берер өнегесі мол деп білемін. Алдағы уақытта да ұйымдастырылып тұрса дұрыс болар еді, – дейді қатысушы Әсел Айнышева.

Жарыс қорытындысы бойынша Балнұр Күмісбай бас жүлде иегері атанды. Бірінші орынға Айгерім Рысмағанбетова лайық деп танылды. Екінші орынның жүлдесі Шолпан Мұнарбаеваға табысталды. Үшінші орындарды Әсел Айнышева мен Аида Шынтөмір иеленді.

**Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»**

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР

Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)

«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

«АҚ» - ақылы қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

<https://twitter.com/syrboyi>

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А».

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 22979

Тапсырыс №1880

Кезекші редактор Айнұр БАТТАЛОВА